Өзекті мәселе

Жыл сайын 40 мыңға жуық қазақстандықта қатерлі ісік диагнозы расталады, 13 мың пациент қайтыс болады. Біздің елімізде ғана емес, бүкіл әлемде, өкінішке қарай, онкологиялық аурулардың түрі де, оларға шалдыққан науқастардың саны да көбеюде. Көптеген адамдардың бұл диагнозды үкім ретінде қабылдайтыны рас. Бірақ, қазіргі заманғы медицина мен ғылым онкологиялық аурулардың басым бөлігін емдеуге мүмкіндік береді. Оларды емдеуге мемлекет тарапынан жыл сайын миллиардтаған қаражат бөлінеді.



ПАПИЛЛОМА ВИРУСЫ

одан сақтанудың жалғыз жолы – вакцина

Айдар ҚУЛЖАНОВ,
«Оңтүстік Қазақстан».

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Әділетті Қазақстан: біріміз және өркайсымыз үшін. Қазір және ертеңгі» деп аталатын сайлауалды бағдарламасында онкологиялық ауруды диагностикалау, қатерлі ісікті емдеу және оңалту үшін жоғары нәтижелерге қол жеткізген елдердегідей жағдай жасау қажеттігін атап өткен болатын. Осыған орай Қазақстан Республикасында онкологиялық ауруларға қарсы күрес жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған кешенді жоспар әзірленіп, ол Үкіметтің қаулысымен бекітіліп, жүзеге асырылды.

Одан кейін бұлтыр қазан айында Үкімет онкологиялық ауруларға қарсы күрес жөніндегі 2023-2027 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекітті. Бұл кешенді жоспар аясында скринингтік тексеру жұмыстары жандандырылды. Бұған дейін Қазақстанда қатерлі ісіктің 3 түрі, атап айтқанда, сүт безінің, жатыр мойнының және тік ішек пен тоқ ішектің қатерлі ісігі бойынша скринингтік тексеру жүргізіліп келген болатын. Енді жерде жаңадан бекітілген кешенді жоспардың аясында скринингтің жаңа түрлері енгізіліп отыр. Атап айтқанда, тік ішектің қатерлі ісігін анықтау үшін эндоскопиялық әдістен бөлек, виртуалды колоноскопия әдісі арқылы да тексеру жүргізіледі. Ол тиімділігі жоғары әдіс болып саналады. Бұл – бір. Екіншіден, өкпенің қатерлі ісігі ауруын ісікалды кезеңде немесе ауырды ерте сатысында анықтау үшін төмен дозалы компьютерлік томографияны қолдану арқылы скринингтік тексеру жүргізу жоспарланып отыр.

Оған қоса Қазақстанда белгілі бір жастағы әйелдер адамдағы папиллома вирусына тегін тест тапсыру мүмкіндігіне ие болады. Бұл да онкологиялық ауруды ерте сатысында анықтауға мүмкіндік беретін әдіс екен. Сондай-ақ, 2023-2027 жылдарға арналған кешенді жоспардың аясында 11 жастан бастап қыз балаларға адамдағы папиллома вирусына қарсы ерікті түрде екпе салу көзделген. Еліміздің Денсаулық сақтау министрлігі таратқан мәлімет бойынша вакцинациялау жұмыстары үстіміздегі жылдың үшінші тоқсанында бастапады деп жоспарланған.

Бүгінде елімізде онкологиялық дерт арасында ең көп таралғаны сүт безі қатерлі ісігі, одан кейін жатыр мойнының қатерлі ісігі болып отыр. Соңғы бес жылдың ішінде Қазақстанда 3 мыңға жуық әйел жатыр мойны обырынан көз жұмған. Денсаулық сақтау министрлігі ұсынған статистикаға сүйенсек, бұл көрсеткіш жылдан-жылға артып барады. Кейінгі бес жылда 148 әйел вульва мен қынап ағынан қайтыс болған. Мамандар қатерлі ісік ауруларының бұл түрлері көп жағдайда адамдағы папиллома вирусының салдарынан пайда болатынын алға тартады.

– Адамдағы папиллома вирусы – әлемдегі ең көп таралған вирустардың бірі. Оның алуан түрі бар. Қазірге дейін зерттелген штамдарының өзі 200-ден асады. Ең қауіпті түрі – 16 және 18-типтегі вирус. Мұндай онкогенді вирустар жатыр мойны мен вульвада, ер адамның жыныс мүшесі мен шырышты қабаты бар басқа да органдарында қатерлі ісік туғызады. Адам папиллома вирусының саны 10 түрі қауіпсіз ісік шақырады. Вирус көбіне жыныстық жолмен тарайды, – дейді онколог дәрігер Әлішер Омарбеков.

Оның айтуынша, ауру белгілері байқалмайды. Ягни адам өзінде вирус жүкканын біле-мейді. Ол тек зертханалық сараптама көмегімен анықталады. Бұл ауырудың емі жоқ. Әзірге вируска қарсы препарат та ойлап табылмаған. Өйткені, вирус жасушаға енеді. Оның көзін жою үшін жасушаны да қоса өлтіруге тура келеді.

Дәрігердің сөзіне сүйенсек, адамдағы папиллома вирусын емдеу мүмкін емес. Тек ағзаның иммун жүйесі антидене түзеді де 1,5-2 жылда ағза вирусты жеңіп шығады. Бірақ, адамдағы папиллома вирусының кей штамдарына иммун жүйесінің де шамасы жетпейтін көрінеді. Вирус ішкке айналғанға дейін ұзақ жылдар бойы жасушада өмір сүре беруі мүмкін. Ұзақтығы иммун жүйесінің жұмыс істеу дәрежесіне байланысты.

Бір сөзбен айтқанда, адамдағы папиллома вирусынан сақтанудың жалғыз жолы – вакцина қабылдау. Екпе ату арқылы адам тек вирустан ғана емес, онкологиялық аурулардың жоғарыда аталған түрлерінен де сақтана алады екен.

Қазақстанда адамдағы папиллома вирусына қарсы вакцина салу осыдан шамамен 10 жыл бұрын қолға алынған екен. Нақтырақ айтқанда, 2013-2015 жылдары Алматы, Астана қалалары мен Павлодар. Атырау облыстарында 17 мың қыз балаға адамдағы папиллома вирусына қарсы екпе салынған. Көп ұзамай ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде жағымсыз пікір көбейіп, Үкімет пилоттық жобаны тоқтатуға мәжбүр болған. Бұған Павлодар облысында екі қыздың екпе салдырғаннан кейін есінен танып қалуы себеп болған көрінеді. Сол кезде Денсаулық сақтау министрлігінің жанынан арнайы комиссия құрылып, бұл оқиғаға қатысты зерттеу жүргізген. Нәтижесінде қыздардың талып қалуы вакцинадан емес, олардың қорқып, стреске түсуінен болғаны анықталған. Бірақ, вакцинациялау процесі бәрібір қайта қолға алынбапты.

Бір қызығы, вакцина қабылдаған 17 мың қыз баланың бірде-біреуінде осы күнге дейін жатыр мойнының обыры анықталмаған. Осының өзі екпенің тиімділігін көрсететін сияқты. Бір айта кетерлігі, бұл екпе ерікті түрде салынады. Бірақ, дәрігерлер ез перзентінің болашағын, денсаулығын ойлаған әрбір ата-ана бұл екпені салдырғаны дұрыс деп ескертіп отыр. Өйткені, екпе толықтай клиникалық зерттеуден өткен, одан ешқандай қауіп-қатер жоқ. Еоссіне, адамдағы папиллома вирусына қарсы екпені қабылдаған әйел адам өмір бойына жатыр мойнының қатерлі ісігі ауруына шалдықпайды екен.

Дәрігерлердің аландайтынындай бар. Себебі, біздің елімізде мәселенің байыбына бармай жатып кез келген екпеге қарсы шығып, дау туғызатын антиваксерлер аз емес. Ата-аналар олардың сөзіне еріп кетпеуі керек. Себебі, шет елдерде адамдағы папиллома вирусына қарсы екпені қабылдаған 100 мың әйелді тексерген кезде олардың бірде-біреуінен жатыр мойнының қатерлі ісігі анықталмаған. Біле білсек, бұл екпе шет елдерден сатып алынады және ол өте қымбат тұрады. Соған қарамастан мемлекет қалқыңқы денсаулығына қамқорлық жасау және онкологиялық ауырудың кең тараған түрінің алдын алу үшін осындай қадамға барып отыр.

Айта кетейік, қатерлі ісік аурулары біздің өңірімізде де жиі кездеседі. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының дерегі бойынша, 10 010 науқас осындай диагнозбен диспансерлік есепте тұрады. Былтырғымен салыстырғанда бұл көрсеткіш 6 пайызға өскен.

Мамандар қатерлі ісіктен сырқаттанушылық құрылымында сүт безі обыры, өкпе обыры, жатыр мойны қатерлі ісігі және тоқ ішек обыры секілді аурулар көп кездесетінін айтады. Облысымызда 2023 жылы онкологиялық аурулардан 810 науқас көз жұмған. 2022 жылы 879 науқас өмірден өткенін есепке алсақ, өсімжітім 13,6 пайызға төмендеген. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметі бойынша, қатерлі ісіктің І сатысында ерте диагностикалау көрсеткіші 2023 жылы 21,1 пайызға өскен. Егер өңір тұрғындары қыздарына папиллома вирусына қарсы вакцина салдыратын болса, аурудан аман болу мүмкіндігі бойынша да оң өзгерістерге ие болатыны анық. Бәрі де адамның амандығы, халықтың денсаулығы үшін ғой...

Маман кеңесі

Сібір жарасынан сақтаныңыз!

Сібір жарасы — бұл қоздырғышы Bacillus anthracis спора түзуші бактериясы болып табылатын жануарлар мен адамның жіті жұқпалы ауруы. Сібір жарасының үш түрі бар: терілік, өкпелік және ішекті. Біздің жағдайда терілік түрі жиі кездеседі. Ал, сепсис құбылыстары (шіруі) бар екпе және ішек түрінің ұшырасуы сирек. Бұл кесел адамға ауру жұқтырған жануардың терісінен және жүнінен немесе зілалданған етті жегеннен жұғуы мүмкін.

Инфекция негізі ауру жануарларға күтім жасау кезінде зақымдалған тері немесе шырышты қабықтар арқылы, ұшаны өңдеу, терісін алу және өлген жануарлардың өлекселерін көму кезінде, сібір жарасы бактериясы бар топырақпен жұмыс істегенде жұғуы мүмкін. Сонымен қатар, алиментарлы – ауру малдардан алынған ет тағамдарын дайындау және тұтыну арқылы, аэрогенді (ауашаң) – спорды ингаляциялау жолымен, трансмиссивті – жәндіктердің шағуы (сокыр шыбын, масалар) арқылы да жұғады.

Сібір жарасының белгілері төмендегідей: Аурудың инкубациялық кезеңінің орташа ұзақтығы 2-3 күнді құрайды. Бірнеше сағаттан 8-14 тәулікке дейін созылуы мүмкін. Ауру тез басталады. Алғашқы сағатта дене температурасы 38-40 градуска дейін күрт жоғарылап, әлсіздік пайда болады. Қан (сепсис) жұқтырудың кез келген өдісі нәтижесінде дамиды.

Қатерлі дерттің симптомдары:

- қатты бас ауруы;
- жоғары дене қызуы;
- жалпы әлсіздік;
- ісіну мен қышудың тез өсуімен карбункул (тері зақымданғанда);
- кеуде ауыруы (өкпе түрі жағдайында);
- тұншығу (өкпе түрінде);
- қан қосылы бар диарея;
- іштің түйілу ауырулары;
- қан араластырып құсу.

Сібір жарасы инфекциясынан қалай сақтануға болады? Ол үшін ет және ет өнімдерін оның сапасы бақыланатын жерлерден ғана сатып алу керек. Жануарларға күтім жасау кезінде ветеринарлық-санитарлық ережелерді мұқият сақтау керек. Ауырып өлген жануарлардың өлекселерін уақтылы әрі сапалы түрде жойып отырған жөн. Жануарларға сібір жарасына қарсы егу жұмыстарын жүргізген абзал.

Сібір жарасынан сақ болыңыздар!

Нұрбек НЫШАНОВ,
облыстық СЭДБ басшысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Шымкент қаласы «Банк ЦентрКредит» АҚ-ның сенім білдірілген тұлғасы Джекешова Гулсара Аскаровна төменде көрсетілген кепіл мүлкін сату бойынша аукцион өткізеді:

№1 лот. Тұрғын үй, жалпы алаңы – 118.8 ш.м., тұрғын алаңы – 92.0 ш.м., жер телімі – 0,08га, Шымкент қаласы, Абай ауданы, 283 квартал, 556-үй. Бастапқы құны – 19 005 386 теңге. Сауда-саттық бағаны көтеру/төмендету әдісімен өткізіледі.

Аукцион 03.06.2024 жылы сағат 11.00-де Шымкент қаласы, Абай ауданы, 283 квартал, 556-үй (Шымкент қаласы, 283 квартал) Шөнбертал көшесі, 28 үй) мекенжайында өтеді.

Сауда-саттыққа қатысу үшін кепілдік жарна бастапқы құнның 3%-ын құрайды, сатып алу бағасын төлеу мерзімі – 10 жұмыс күн. Сенім білдірілген тұлғалар хабарландыру жарияланған күннен бастап кепілдік жарналарды және өтінімдерді қабылдайды. Өтінімдерді қабылдау аукцион басталатын күннен бір күн бұрын тоқтатылады.

Анықтама телефондары: 8(7252) 99-52-94 ішкі 38474, 8(707) 200 15 70.

Кепілдік жарналарды аударуға арналған деректемелер: «Банк ЦентрКредит» АҚ, Шымкент қаласындағы филиал, Байтұрсынов көшесі, 20 А үй, БСН 980841000135, е/ш KZ988560000007235205, БСК KCJBKZKX.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Доверенное лицо АО «Банк ЦентрКредит» г.Шымкент, Джекешова Гулсара Аскаровна проводит аукцион по реализации залоговых имуществ:

Лот №1. Жилой дом, общей площадью – 118.8 кв.м., в том числе жилой площадью – 92.0 кв.м., с земельным участком общей площадью – 0.08 га, расположенный по адресу: г.Шымкент, Абайский район, 283 квартал, дом 556 (г. Шымкент. 283 квартал. ул. Шенбертал. дом 28). Стартовая цена – 19 005 386 тенге. Метод торгов – шаг на повышения / понижения цены.

Аукцион состоится 03.06.2024 года в 11.00 часов по адресу: г. Шымкент, Абайский район, 283 квартал, дом 556 (г.Шымкент. 283 квартал. ул. Шенбертал. дом 28).

Гарантийный взнос для участия в торгах составляет 3% от стартовой стоимости, срок уплаты покупной цены – 10 рабочих дней. Со дня опубликования объявления, доверенным лицом принимаются гарантийные взносы и заявки. Прием заявок прекращается за день до начала аукциона.

Справки по телефонам: 8(7252) 99-52-94 вн.38474, 8(707) 200 15 70.

Реквизиты для зачисления гарантийных взносов: АО «Банк ЦентрКредит», филиал в городе Шымкент, улица Байтурсынова, дом 20 А, БИН 980841000135, р/с KZ988560000007235205, БИК KCJBKZKX.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Rich Investment» ЖШС атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылары нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарлама, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы және К-42-18-(10в-5в-9) К-42-18-(10в-5в-14) К-42-18-(10в-5в-19) К-42-18-(10в-5в-20) блоктары шегінде жер қойнауы учаскесін барлау жоспарына қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды

Қоғамдық тыңдаулар 2024 жылғы 04 шілдеде сағат 15:00-де өтеді. Мекен-жайы: Түркістан облысы, Кентау қ.а., Ачисай а. о., Ачисай а., өкімшілік.

Карантиндік шаралар жағдайда, қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында онлайн режиминде өткізіледі.

Қатысу үшін келесі сілтемеге кешуді сұраймыз:
https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1oa3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Конференция идентификаторы: 616 540 8596
Кіру коды: 123456

Бастамашы: «Rich Investment» ЖШС, 160400, Түркістан облысы, Кентау қаласы, Ахмет Ясауи даңғылы, 16 үй, БСН 180240015921, e-mail: rich.investment@yandex.kz.

ҚОӘБ жобасын әзірлеуші: «BaiMura» ЖШС БСН: 940540002772, ҚР, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Әшімов көшесі, 140, кон., тел.: 8 702 589 72 19.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен ecoportal.kz сайтта танысуға болады.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты kazecoproect2012@mail.ru, 87025897219 телефон арқылы сұратуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мына мекенжайлар бойынша қабылдайды: a.shymabekova@ontustik.gov.kz және Түркістан қ., Кентау тас жолы, 2.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Rich Investment» объявляет о проведении общественных слушаний по проекту Нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу, программы по управлению отходами, проект программы производственного экологического контроля и плана мероприятий по охране окружающей среды к плану разведки участка недр в пределах блоков К-42-18-(10в-5в-9) К-42-18-(10в-5в-14) К-42-18-(10в-5в-19) К-42-18-(10в-5в-20).

Общественные слушания состоятся 04 июля 2024 года в 15:00 ч. По адресу: Туркестанская область, Кентау г.а., Ачисайский с.о., с.Ачисай, акимат.

В случае карантинных мер, общественные слушания будут проведены в режиме онлайн на платформе Zoom.

Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке:
https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1oa3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Идентификатор конференции: 616 540 8596
Код доступа: 123456

Заказчик: ТОО «Rich Investment», 160400, Туркестанская область, город Кентау, Проспект Ахмета Ясави, дом 16, БИН 180240015921, e-mail: rich.investment@yandex.kz.

Разработчик проекта ОВОС: ТОО «BaiMura» БИН: 940540002772, РК, Акмопинская область, г.Кокшетау, ул.Ашимова, 140, конт., тел: 8 702 589 72 19

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте ecoportal.kz.

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел. 87025897219, kazecoproect2012@mail.ru
Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области» по адресам:
a.shymabekova@ontustik.gov.kz и г.Туркестан, трасса Кентау, 2.

МҰРАГЕРЛІК АШЫЛДЫ

Қайтыс болу туралы анықтама негізінде марқұм Тайбатова Назифа Искаковнаның дүние-мүлкіне (11.01.2024 жылы қайтыс болды, қайтыс болу туралы актілерді тіркеу кітабында 15.01.2024 жылы №20-996-24-0000055 санымен тіркелді) Түркістан қаласы, 1-шағынаудан, 12-үй, 26-пәтерде орналасқан нотариус Байсбаев Ерлан Ермекбаевичте мұрагерлік ашылды.